



№54 (10044)
10 шілде,
сәрсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аймақ жаңалықтары



300 тонна балық саудаға шығармақ

Кіші Аралдың айдыны толғалы теңізде Аралдағылардың ата кәсібі – балық шаруашылығы жанданып, қазір су маржанын сүзгендер өнімін бірнеше шет мемлекетке экспортқа жіберіп отыр. Одан бөлек соңғы жылдары саланы дамытуға арналған бастама аясында тоған шаруашылығын құрып, тауарлы балық өндірісіне ден қойғандар баршылық. Тұқы балық өсіретін осындай шаруашылық Арал ауданында жұмысын бастады.

«Арал рыборг» ЖШС басшысы Қуаныш Өмірзақовтың айтуынша, қазір 15 гектар аумақтағы 4 тоғанға балық жіберіліп жатыр. Нақтырақ айтсақ, өткен айда 7,7 млн балық жіберілген. Күзге дейін тоғандар ауданы 25 гектарға дейін ұлғаяды, содан кейін қуаттылығы жылына 15-20 миллион шабаққа арналған инкубациялық цех орнатылмақ. Сондай-ақ келер жылы сатуға жарайтын балықтың алғашқы легі саудаға шығарылады.

Құны 150 млн теңге болатын жоба авторлары жылына 300 тонна балықты саудаға шығарады. Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша салық жеңілдіктері мен берілетін түрлі субсидия арқасында ісін дамытып отырғандар қатары артып келеді.

Жалпы осы салада жүргендер мемлекет тарапынан жасалған қолдаудан кейін балық шаруашылығын дамытуға бет бұрғандар көбейгенін айтады. Осы күні өңірде сазан, ақ амур, деңмеңдай және африкалық жайын секілді балық түрлерін тоғанда өсіріп жатқандар бар.

«ЖЖ» ақпарат



Мәселе

Мал азығы шаруаға оңай болмай тұр



Мал бағуды тіршіліктің негізгі көзіне айналдырған шаруаға алдағы қыстың қамы уайым. Соңғы жылдары шабындық жерде шөп бітік шықпай жүргені жасырын емес. Шыққан шөптің өзі құрап кеткен. Иә, еліміздің көптеген өңірінде жем-шөпке қатысты қиындықтар туындауда. Себебі көктем суық, жауын-шашынның аз болуы, егістік жердің азығы, суару үшін судың жетіспеушілігі және техниканың қымбаттығы әсер етуде. Ауыл шаруашылығы саласындағы мамандардың пікірінше, мәселені шешу үшін Үкімет жер мәселесіне қатысты қатаң шаралар қабылдау керек, инфрақұрылым мен технологияларға қаражат салуы қажет. Алайда қалыптасқан жағдайды жақсарту үшін шабындықтар мен жайылымдарға шөп егіп, егістіктерді суару арқылы түзетуге болады. Сонымен қатар фермерлерді, соның ішінде ұсақ фермерлерді техникамен, тракторлармен, шөп шапқыштармен, пресс-жинағыштармен және басқа да техникалармен жабдықтау міндеті тұр. Сондықтан өңірлерде жем-шөп сапасын жақсарту және егіншілік деңгейін арттыру бойынша құруар жұмыс тұралаған.

3,4 млн гектар жем-шөп егілген

Өткен жылы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі ғылыми тәсілді қолдана отырып, жем-шөп өндіру саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі жол картасын езектендірген. Мақсаты – 2028 жылға қарай жем-шөп дақылдарының егіс алқаптарын 3,6 млн гектарға дейін кеңейту арқылы ауыл шаруашылығында жалпы өнімнің көлемін екі есеге арттыру. Статистикаға сүйенсек, биыл жем-шөп дақылдарына арналған егіс алқабы 3,4 млн гектардан асқан, бұл көрсеткіш былтырғымен салыстырғанда 314 мың гектарға артық.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің пайымдауынша, жем-шөп дақылдары егілген алқаптың 74 пайызы көпжылдық шөптердің үлесіне, 26 пайызы біржылдық дақылдарға тиесілі, олардың көктемгі егісі мал шаруа-

шылығының қажеттілігі үшін пішен мен сүрлем дайындауды қамтамасыз етеді. Өңірлерде шөптерді жаңарту, шабындық пен жайылым жерлерді жақсарту бойынша жұмысты күшейту қажет, соның салдарынан мал азығында өлі де шөп пен жем-шөп, яғни қарапайым жем басым. Бұл ретте барлық өңірде Үлкен жоба шеңберінде тауарлы-сүт фермаларының құрылысы жүріп жатыр, оларға пішен, жүгері, сүрлем дайындау қажет.

Қазіргі уақытта республика бойынша пішенмен қамтамасыз ету 45 пайыздан, ал сүрлеммен қамтамасыз ету 72 пайыздан аспайды. Жалпы биыл 25,5 млн тонна шөп, 1,6 млн тонна пішен, 4,6 млн тонна сабан, 5,7 млн тонна құнарлы жем және 2 млн тонна сүрлем дайындау жоспарланған.

Үкіметтің айтуынша, бізде жер жеткілікті, бірақ ұтымды игерілмейтін көрінеді. Сондықтан өңірлердің алдына жем-шөп өндіру бойынша нақты міндеттер қою керек. Жол картасын

әр өңір үшін 2-3 жылға арналған жем-шөп дақылдары жөніндегі жоспармен толықтыру қажет. Сондай-ақ өңірлер өкімдіктерінің мал азығы дақылдары үшін суармалы жер көлемін кеңейтуге, жем-шөп дақылдарының тұқым шаруашылығын дамытуға, пайдаланылатын жайылымдық жердің өнімділігін арттыруға баса назар аударатын, егіншілікті әртараптандыруы маңызды.

Жоңышқа 625 гектарға артқан

Республикадағы мал азығы бағасын бағамдау қиын емес. ШҚО, БҚО аймақтарында жем-шөп бағасының шарықтағанына 2-3 жылдай болды. Салдарынан ауылдарда төрт түлік қолға қарай бастаған. Өйткені қуаңшылықтан жайылымда да, шабындықта да көк қалмаған. Байқасақ, аудандағы баға шамалас. Мысалы,

шөпті шабындық басынан алсаңыз, жоңышқа 600-700 теңге, қамыс пресс 400-450 теңге, бау пішен 150-200 теңгенің айналасында. Бірақ мал баққан шаруалардың айтуынша, қыста мал азығы 2 есеге қымбаттайтын көрінеді.

Жасыратыны жоқ, аяқсу тапшылығы жыл сайын шаруаның ширауына айтарлықтай қолбайлау болуда. Мәселе жыл сайын күрделенбесе, шешімін тапқан емес. Ал жаңадан құрылған жауапты министрлік тек «суды үнемдеу керек» дегеннен әрі аса алмай отыр. Осы ретте су тапшылығын өскере отырып, ауданда күріш дақылдарының көлемін өткен жылдан 1300 гектарға қысқарған. Есесіне суды аз қажет ететін мал азығы дақылдарына басымдық берілген. Мәселен, өткен жылмен салыстырғанда мақсары 105 гектарға, жоңышқаның көлемі 625 гектарға артқан. Қазіргі таңда 530 гектар мақсары, 4850 гектар жаңа жоңышқа егілген.

«Қыстың қамын жаз ойла» демекші, ауданның мал ұстайтын шаруа қожалықтары мен жеке шаруалары алдағы қысқа түсетін малға қажетті азық дайындауда ширақтық танытуда. Төрт түлігінің жайын ойлаған ауылдарға ағайын шөп қылтыра бастағандан шабындық іздейтін белгілі. Биыл да аудан шаруалары қыстың қамына ерте кірісіп, ауа райының қолайлығын пайдаланып, маусым айының басынан шөп жинау науқанына кірісіп кеткен. Айтуларына, техника барлық жерде жеткілікті.

Жандос ЖАЗКЕН

Сапар



Аудан дамуында серпін бар

Өткен аптада ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Геннадий Шиповских және Алишер Сатвалдиев ауданға жұмыс сапарымен келді. Мақсат – кенттегі этнос өкілдерімен ардагерлермен кездесіп, еркін пікір алмасу. Сондай-ақ олар облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен жаңадан салынып жатқан «Руханият» орталығының құрылысымен танысты.

Халық қалаулылары ең алдымен аудандық «Руханият» орталығында жергілікті тұрғындармен кездесті. Кездесуде тұрғындар тарапынан өзекті мәселелер көтерілді. Халық мәселесіне құлақ түрген Сенат депутаттары заң аясында ұсыныстар енгізетіндерін жеткізді.

Мұнан кейін халық қалаулылары аудан орталығында салынып жатқан «Руханият» орталығының құрылысымен танысты. Музей, кітапхана, мұрағат, неке кию залы, ардагерлер және аналар кеңесі, жастар орталығы, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи-мәдени, рухани ұйымдарды біріктіретін типтік үлгідегі бұл нысанның құрылысы қарқынды. Жобаның жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрайды. Бүгінде мердігер мекеме «Аман Құрылыс» ЖШС сәуір айында іргетасы қаланған ғимаратты жыл соңына дейін ел игілігіне бермек.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Серік Егізбаев, Жигули Дайрабаев, Ерболта Саурықов және Мархабат Жайымбетов те ауданға жұмыс сапарымен келген. Олар алдымен қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов ауылына табан тіреп, елді мекеннің тыныс-

тіршілігімен танысып, жүргізіліп жатқан жұмыстардың жай-күйінен хабардар болды. Халық қалаулылары ең алдымен «Ер-Әлі» шаруа қожалығының Сыр салысын күтіп-баптау және суды үнемдеудің жаңа әдістерімен танысты.

Бүгінде судың қадірін түсінген шаруа қожалық қалдық суды қайта өңдеу арқылы Аққыр ауылдық округіне күріш өкті. 120 гектар жерге егілген Сыр салысының бүгінгі шығымы жақсы. Тың технология мен жаңа техника игерген шаруашылықтың бүгінгі тіршілігі ширақ. Мал азығын дайындауда жоңышқа оғуға өкелген тракторлар жұмысшының да, шаруашылықтың да еңбек үдерісін жеңілдетіп, оң нәтижеге жетелеуде.

Ауыл халқының бүгінгі тыныс-тіршілігіне куә болған ел ағалары, «Ер-Әлі» шаруа қожалығының алма бағында тамшылату әдісі арқылы өскен жеміс ағаштарының бүгінгі жайымен танысты. «Құрманбай ата» деп аталатын бақта кәсіпкер 2017 жылдан бастап алма өсіруді қолға алған. Бүгінде кәсіпорын өнімі облыс орталығы мен өзге аудандардағы сауда орталықтарының сөрелерінде сатылымда.

Шаруашылық төрағасы былтыр барлығы 5 гектарға егілген 12 600 көшеттен 20 тонна алма жиналғанын, ал биыл 30-40 тоннаға дейін өнім жинау жоспарда барын айтты. Бақта алманың «Гала», «Голден», «Симиринко», «Фуджи» сұрыптары бар.

Тіршілігі тындырымды кәсіп иесі былтыр 310 қаз баланын өкеліп, құс етін өндірумен айналысу үшін жаңа бастаманы қолға алған. Оң нәтижесін берген бұл бастама шаруашылықтың құс етін өндірумен айналысуына үлкен сеп болған.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін өндіруде де Жалағаш ауданы бойынша «Ер-Әлі» шаруа қожалығы бөкс бастап тұр. Балама кәсіптердің қатарына қазіргі таңда балық шаруашылығы да қосылған.

Ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыс, жайлы баспана және жаңа көлікпен қамтамасыз етіп, туған жердің гүлденуіне үлес қосып отырған «Ер-Әлі» шаруа қожалығының жұмысына Мәжіліс депутаттары оң бағасын берді.

ЖАЛАҒАШ 2-BEETLE.

Сұхбат



6 айда 18027 үй жануары бірдейлендірілген

Ауданда соңғы жылдары мал шаруашылығы қарқын алғаны айтпаса да түсінікті. Атакәсіпті қолға алған шаруа адамдары бүгінде түлік басын көбейтуден асылдандыруға аяқ басты. Әлбетте шаруаны ширатуда еңбек адамдарының жұмысын жоққа шығару орынсыз болар, бірақ олардың үлкен табысқа жетуінде ветеринария саласы мамандарының да еңбегі ерен. Тіпті қорасында азын-аулақ мал ұстаған қарапайым халықтың сала мамандары қажетіне жарап тұр. Ал олардың қаңғыбас ит-мысықтармен күресіп, тұрғындар қауіпсіздігіне сіңірген еңбегі өз алдына бөлек өңгіме. Саладағы біқатар мәселеге байланысты облыстық ветеринария басқармасына қарасты аудандық ветстанция ШЖҚ КМК директоры Әбдісаттар Бақтыбаевпен сұхбаттастық.

— **Әбдісаттар Тобжанұлы, алдымен өзіңізді және сіз басшылық еткен ұжымды кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын. Мерекелеріңізге салаға өңгізілген өзгерістер мен жаңалықтар және атқарылып жатқан жұмыстар жайын білгіміз келді. Алдымен өңгімізді осыдан бастасыз...**

— Рәқмет! «Кәсіби мерекелер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №258 бұйрығына өзгеріс енгізіліп, елімізде алғаш рет 2024 жылдың 10 шілдесі «Ветеринариялық қызметкерлер» күні болып белгіленді. Дәл осы сұхбатты пайдаланып, мен де әріптестерімді кәсіби мерекесімен құттықтаймын. Ешқандай саланың жұмысы оңай емес, біздің сала да үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Сенім үдесінен шығып, халықтың қажетіне жұмыс жасап жатқан әріптестеріміздің еңбегін жоғары бағалаймын.

— **ҚР Үкіметінің «Ветеринария туралы» Заңына өзгізілген өзгерістердің тиімділігі қандай?**

— Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің дайындаған Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агро-өнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңға негізінде жергілікті атқарушы органдардың ветеринариялық санитариялық қадағалау функцияларын ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетіне штаттық бірліктерімен қайтарып алынды. Сонымен қатар ветеринария саласына тігіннен ЖАО құру болып белгіленді. Осыған байланысты қазіргі уақытта тиісті негізгі қорлары, жабдықтары «Ветстанция» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық кәсіпорны есебіне берілді.

— **Ауыл шаруашылығы жануарлары ауруының алдын алу, бірдейлендіруде неңдей шараларды қолға алдыңыздар?**

— Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды қамтамасыз етудің зәттай нормаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша барлық керекті жабдықтар, атрибуттар, құралдар және автокөліктер толығымен алынды. Аудан бойынша ауылдық округтердегі ветеринариялық пункттерге таратылып

берілді. Биыл алғашқы жартыжылдықта бекітілген жоспарға сәйкес ветеринариялық іс-шаралар толығымен атқарылды. Аса қауіпті 14 түрлі жұқпалы аурудың алдын алуға ел тайқазанынан қаралған қаражатқа биопрепараттар ауданға жеткізіліп, ауылдық округтердегі ветеринариялық пункттерге таратылды.

Диагностика бойынша сарып ауруына 27 761 бас мүйізді ірі қара, 25 144 бас уақ малдан қан сары суы алынып тексерілді. Ешқайсысынан кешел анықталған жоқ. Ал аудан бойынша бірінші жартыжылдықта ішкі деректер базасы туралы мәліметіне сәйкес веб-порталдық базада 36 682 бас МІҚ, 32 795 бас уақ мал, 29 634 бас жылқы, 829 бас түйе, 50 бас шошқа тіркелген. Қазіргі таңда биыл бекітілген жоспарға сәйкес 6001 бас МІҚ, 8 319 бас уақ мал, 3 678 жылқы, 29 түйе бірдейлендірілді.

— **Бірдейлендірудің тиімділігі қандай?**

— Бұл жұмыстар жануарлардың аса қауіпті ауруларын бақылауда, санитариялық іс-шаралар жүргізуде ерекше маңызға ие. Аз ғана уақыт ішінде жануарлардың шығу тегін, орналасқан жерін және одан әрі қозғалыс бағытын және жануарлардан алынатын өнімдерді анықтай аламыз. Бір сөзбен айтқанда, уақыт жоғалтпаймыз және дерттің дер кезінде алдын алуда да бірдейлендіру маңызды. Жалпы ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүргізілмеген жағдайларда анықталу іс-шарасы барысында шараның маңыздылығы, оны жүргізу тәртібі туралы ең алдымен кент, ауылдық округтердің ветеринар мамандарына түсіндіріліп, жекелеген округтерге практикалық оқулар, аумақтық инспекция мамандарымен бірлескен жиналыстар өткізілді.

Осыған орайда биыл «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» деректер базасында «Жасыл дәліз» функциясын ашу мақсатында ауданда түрлі себептермен бұрын тіркелмеген, есепке алынбаған ересек ауыл шаруашылық жануарлардың есебі жинақталуда. Қазіргі таңда аудан бойынша бұрын тіркелмеген мал ұстаушылар тарапынан берілген өтініштерге сәйкес 596 бас МІҚ, 97 уақ мал, 2 196 жылқы, барлығы 2 889 бас ауыл шаруашылығы жануарлары бірдейлендіріліп, есепке алынды. Бұл жұмыстар негізінде бұрын тіркелмеген есепке алынбаған ересек ауыл шаруашылық жануарлардың тиелеріне өз

атына тіркеп алу мүмкіндігі берілді. Аудан тұрғындарына түсіндіру үшін кәсіпорының әлеуметтік желідегі парақшасында ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүргізілмеген жағдайларды анықталу іс-шарасына байланысты бірнеше рет түсініктемелер берілді.

— **Жалпы шегіңіздегі жануарларға жауапкершілікпен қарау да заңмен реттеле ме. Бұған қатысты бізде мәселе бар ма?**

— Иә, «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2021 қабылданды. Аталған Заңға сәйкес үй жануарларын (ит, мысық) есепке алу чиптерді, сырғаларды, білезік немесе жағалар не шлейкалар және тағы басқа да есепке алу бұйымдарын пайдалана отырып, ақилы негізде жүргізіледі. Тек иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасылардың үй жануарларын (ит, мысық) есепке алу тегін жүргізіледі. Тіркеу рәсімдерін мемлекеттік және жеке ветеринариялық қызметті атқаратын ұйымдар жүзеге асырады.

Негізінен үй жануарларын (ит, мысық) тіркеу міндетті. Күшіктер мен марғаулар жаңа туылған сәттен бастан 45 күннен кейін есепке алынады. Қазіргі таңда аудан бойынша 600 ит «ТАҢБА.КЗ» платформасына тіркеліп, жұмыс жалғасуда. Аудан көлемінде мал көміңділерінің жалпы саны — 15. Оның ішінде 5-еуі типті жобада (Ақсу, Бұқарбай, Аламесек, Мәдениет ауылдық округтерінде және Жалағаш кентінде), қалғаны 10 ауылдық округте бейімделген түрде салынған.

— **Жыл басынан бері қанша анықтама берілді және оларға қатысты тұрғындар тарапынан арыз-шағым бар ма?**

— Биыл 6 айда 2 305 дана ветеринариялық анықтама берілді. Ветеринариялық анықтама жөнінде арыз-шағым түскен жоқ, өйткені барлығы заңдылыққа сәйкес жүргізілді.

Ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған «ТortTulik» мобильді қосымшасы іске қосылуына байланысты мобильді қосымша ауыл шаруашылығы жануарларының базасын кеңейтуге ықпалын тигізетінін, әрбір жануар иесі (ШҚ, ЖШС, ЖҚШ және т.б.) өз жануарларының санын түгөнде жүргізе алатынын және соның арқасында ветеринар дәрігерлердің ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды уақытылы және толық келіме жүргізуіне мүмкіндік беретінін

туралы күнделікті түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Нәтижесінде жоспарланған 4 432 жануар иесінің 2773-і «ТortTulik» мобильді қосымшасына тіркелді.

— **Ауылдағы ветеринар мамандар мемлекет қолдауынан құр қалып жатқан жоқ па?**

— Мүлде ондай жағдайлар орын алып жатқан жоқ, мемлекеттен қандай қолдау бар, соның барлығын теңдей үлестіреміз. Мәселен, мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау барысында жануарлар әлекесін және биологиялық материалдарды өртейтін құрылысы бар 5 ауылдық округте стационарлық инсинератор пеші орнатылды (Еңбек, Мақпалкөл, Мәдениет, Таң, Қаракөтен), мекеме ғимараты жанында автокөлікте орналасқан жылжымалы инсинератор пеші жұмыс жасайды. Барлығына тұтынушылар құқығын қорғау және экология органдарының рұқсаты алынған. Бүгінгі таңда осы құрылыстар аудан бойынша толық қосылып жұмыс жасасуда.

Қазақстан Республикасы сибір жарасы індетінен стационарлық қолайсыз пункттердің 1948-2002 және 1935-2013 жылдар аралығындағы қадаттары бойынша аудан аумағында 6 ауылдық округте сибір жарасы көміңділерінің 10 ошағы тіркелген. Аудандағы белгіленген 10 сибір жарасы індет ошақтар орнын мемлекеттік жер қадаттарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізіліп, топографиялық карталарын дайындаған. Осы жұмыстарды кәсіпорының ветеринариялық маман қызметкерлері үлкен жауапкершілікпен атқарып келеді. Солардың қатарында кәсіпорының ветеринар дәрігерлері Сатанов Ғабит, Б.Қыдырәлиев, ветеринар фельдшері С.Мусаханов, Қ.Ердаң, Еңбек ауылының ветеринарлық пункт меңгерушісі А.Байтасов, Аққыр ауылының ветеринарлық пункт меңгерушісі Б.Болтаев, Жанаталап ауылының ветеринарлық пункт меңгерушісі Н.Айғалиев, Мырзабай ахун ауылының ветеринар дәрігері Д.Осмаханов, Таң ауылының ветеринар дәрігері Л.Сариева, Мәдениет ауылының ветеринарлық пункт меңгерушісі Г.Жунисов, ветеринар дәрігері Қ.Бекетовтер, М.Шәменов ауылының ветеринарлық пункт меңгерушісі Г.Алмасов, Аламесек ауылының ветеринарлық пункт меңгерушісі Ж.Таймбетов, Бұқарбай батыр ауылының ветеринар дәрігері Т.Алиев, Ақсу ауылының ветеринарлық пункт меңгерушісі Н.Сейіпнұсқа иілікті істерін атап өтуге болады.

Халқымыз «мал-жан аман ба?» деп амандық-саулық сұрасады. Өйткені төрт түлік мал күнгері көзі болып табылады. Сондықтан келешекте мемлекет қамқорлығын пайдаланып, ветеринария жұмысын жақсарту жолында эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында еңбек ете береміз.

— **Өңгімізге рақмет!**

Сұхбаттасқан Ақнұр АЛТЫНБЕК

Маман мерейі



Жұмысы жүйелі, ісі тиянақты

Қазақ төрт түлікті қадірлеген. Халқымыздың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғаны белгілі. Мал ауырса, баласындай күтіп, ем-дом жасап жазған. Ал қазіргі уақытта сол күтімді жасап, түрлі аурулардың алдын алуда, өрине, ветеринария қызметкерлерінің алатын орны ерекше. Бүгінгі кейіпкеріміз Жеткерген Таймбетовтің осы салада қызмет етіп жатқанына 20 жылдан асқан. Осының аяғында көптеген үй жануарын түрлі кеселден айықтырып, өлі де осы мақсатта еткен еңбегінің арқасында халықтың алғысына бөленіп келеді.

Мал да ауырады, оларда да аурудың түрі көп. Мысалы, ежелден қазақ халқы үшін қасиетті болып келген жылқы іш кебумен ауырғанда оның ас қорыту жолын тазалау үшін айы айранға ас тұзын өзіп ішкізген немесе қанжылым суды тікше арқылы айдап, қартасын шайған, тіпті желдіріп ішін айдатқан. Сондай-ақ жетел ауруымен ауырған жылқыға киіз жауып, басына дорба толы қайнатылған арпа сүйімен буласа, маңқаға шалдыққан жылқының ауру жайлаған жерінің терісін ортасынан тіліп, оны екі жағына қарай тігіп, маңқасын сылып алып тастау арқылы ем жасаған. Ал мішақ сарқатына шалдыққан жылқының безін сығып, арнаулы аспаптан қан шығарса, зорыққан жылқының танауының екі жағындағы шеміршегін алып, қан шығару арқылы емдеген.

Мал дәрігері болуды кейбіреулер сұраныстан қалған мамандық деп ойлайды. Шын мәнінде олай емес, мал дәрігері — сұранысқа ие мамандықтың бірі. Мал дәрігерлері жан-жануарлардың ауруларын емдейді, өртүрлі аурудың алдын алу үшін екіге салып, қажет болғанда ота да жасайды, малдан алынған ет, сүт, т.б. өнімдерге бақылау жүргізіп, осы өнімдердің жарамды-жарамсызын айырады.

Иә, ветеринария — маңызды сала. Дегенмен жан-жануарларға қамқорлық жасау ұнайтын жан болса ғана бұл мамандықты таңдай алады. Яғни аяғынан тік тұрып қызмет қылу, ұзақ жүріс-тұрысқа шыдамды болу, әрбір жануардың өзіне тән ісіне тезу екінің бірінші қолынан келмейді. — Біздің көзімізде ветеринар стансы емес, кәсіпкерлік жүйеде құрылған. Сөйтіп 2004 жылы кәсіпкерлік бөлімге қабылданып, ол қызметті 2010 жылға дейін жалғасты. Одан кейін 2015 жылдан бастап ветеринария стансы құрылғаны бері осында дәрігер болып келдім. Негізінде біздің жұмыстың қызатын уақыты көктем мен күз деуге болады. Себебі сол мезгілдерде экзотикалық және эпизоотиялық аурулар көбейеді. Күресудің басты жолы — вакцина салу, яғни сол аурулардың алдын алу болып табылады. Мәселен, 1 айда 300 бас малға ауыл ауруына қарсы вакцина саламыз, келесі айда жылқының сақауына қарсы деген секілді. Дәл қазіргі уақытта жануарлардың арасында жұқпалы емес аурулар көп кездеседі, — дейді мал дәрігері Жеткерген Таймбетов.

Кейіпкеріміздің айтуынша, қазақ халқы дәстүрінде өртеден-ақ жануарларды, оның ішінде үй жануарларын емдеу жолдары тереңде жатыр. Ерте заманда малды емдеу әдісі қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған тәжірибесінің арқасында жинақталған. Жалпы малды емдеу жолын қазіргі ветеринария саласындағы емдеу әдісі секілді сыртқы және ішкі ауруларға жіктелі білген. Сондай-ақ ауруларды жұқпалы және жұқпалы емес деп бөлудің өзі қазақ даласында дәстүрлі емдеудің шарықтап дамығанын көрсетеді.

Ата кәсібіміз төрт түлік асырау болғандықтан, әрбіріміз үшін мал басының амандығы және өнімділігі маңызды. Ал ол өрине, жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл түгел келгенде, ауылдағы төрт-түлік асырайтын өрбір отбасының әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес. Сондықтан өуелі осы салада жүйелі жұмыс атқарылуға тиіс.

Кейіпкеріміз — қазіргі таңда Аламесек ауылдық округінде ветеринариялық пунктін меңгерушісі. Жергілікті тұрғындар да Жеткерген ағамыздың жұмысына жауапты екенін атайды. Оның бұл салаға сарп еткен саналы құмыры жастарға үлгі болары анық.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ

Аудан дамуында серпін бар



Соңғы жылдары өңірде денсаулық сақтау саласына айрықша көңіл бөлініп келеді. Былтыр аудандағы қос бірдей ауылға, яғни Мырзабай ахун мен Аламесек ауылдық округтері дерігерлік амбулаториялық емхана салынып, ел игілігіне пайдалануға берілген болатын. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов пен Мұрат Ерғешбаевтың кезекті жұмыс сапары Мырзабай ахун ауылында жалғасты. Мұндағы мақсат дерігерлік амбулаторияның ұжымымен танысу. 2023 жылы ел игілігіне берілген қос елді мекендегі нысанның құрылысына Ұлттық жоба аясында республикалық бюджеттен 752,8 млн теңге бөлінген. Қазір медициналық нысан халықтың қажетіне жарап тұр.

Мырзабай ахун ауылында бүгінде 1420 тұрғын бар. Жаңадан салынған емхана ішінде тіркеу орны, деріханалық бекет, қабылдау, оқшаулау, физиотерапиялық емдеу, егу бөлмелері, лаборатория, архив, жалпы тәжірибелік дерігердің кабинеті, әйелдерді қарау бөлмесі, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де арнайы бөлме жабдықталып, қолайлы жағдай жасалған. Мұнда 1 дерігер, 1 аға мейірбике, 2 мейірбике, 1 фельдшер,

1 акушер мейірбике, 1 ем-шара жүргізетін мейірбике, 1 зертханашы, 2 кіші аяжан бар. Сондай-ақ 5 орынды күндізгі емдеу стационары да жұмыс істейді.

Кездесуде халыққа қызмет көрсету сапасы мен ұжымдық жұмыс барысындағы қызметтер талқыланды. Ұлт саулығы жолындағы мемлекет жүктеген межелі міндеттерді мінсіз атқарып жүрген ұжым жаңа нысанда ауыл тұрғындарын кедегісіз қабылдауда. Биыл да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасып, Қаракөтен ауылдық округі мен Далдабай елді мекенінің халқы үшін маңызға ие дерігерлік амбулатория құрылысы республикалық және облыстық бюджеттен қолдау тапты.

Жұмыс сапарының келесі күні ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенев өңдірісі өрге басқан «Өркен Әлем» ЖШС-на барды. Мұндағы мақсат — тігін цехымен және онда жұмыс жасайтын шеберлердің жұмысымен танысу.

Отандық бренд қалыптастыруда жаңа бастаманы қолға алған серіктестікте бастапқыда 24 адам жұмыс жасаған. Ал қазіргі таңда мұнда 60 адам тұрақты жұмыс жасасуда.

Өндірістің нәзікқандылардың барлығы арнайы оқудан өткен тәжірибелі мамандар. Оң жыл бұрын өз жұмысын бастаған өндістің бүгінде болашағы жарқын.

Айта кетейік, жыл басынан бері аудан бойынша өнеркәсіп өнімдерін өндіру 147,4 пайызға артып, 17 млрд 129 млн теңгенің өнімі өндірілген. Сондай-ақ халық қалаулысы Жалағаш кентіндегі дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылыс жұмыстарымен танысты. Құрылыс нысанының қазіргі таңда негізгі жұмыстары аяқталған. Дегенмен мердігер мекемеге ескертпелерге сәйкес қалпына келтіруді қажет ететін тұстарды қайта жаңарту қажеттігі тапсырылған. Бүгінгі күнге дейін құрылыс жұмыстары кешушілерден спорт кешені жақын арада пайдалануға беріледі.

Ауданға жұмыс сапарымен келіп, ауылдардың тыныс-тіршілігімен танысқан Мәжіліс депутаты аудан көлемінде атқарылып жатқан ауқымды жобаларға оң баға беріп, 85 жылдық тарихы бар ауданның тынысы кең, тындырымды ісі мол екенін тілге тиек етті.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ
BACU-1-BETTE

Ұлттық аспап

Нағыз қазақ – домбыра

Сонау түркі дәуірінен тамыр тартатын ұшан-теңіз руханиятымыздың бір саласы – музыка өнері. Ұлы даланы өн жайлаған бабаларымыздың бұл салада қалдырған асыл мұрасы – халқымыздың баға жетпес ұлттық қазынасы. Сол алтын кеніштің ішіндегі ешбір халықта кездеспейтін феномендік құбылысқа балауға болатын күй жанры ерекше назар аудартады. Ықылым замандардан бері осы бір ғажайып өнер ұрпақтан-ұрпаққа дәстүр жалғастығы арқылы қазіргі дәуірімізге жетті.



Ноталық жазу-сызуы жоқ замандарда дүниеге келген бұл жәдігерлер кейінгі буына тек есте сақтау, бейнелеп айтқанда, «табиғи компьютер», яғни жады арқылы жетіуі шын мәнінде таңданыс тудыратын жағдай.

Міне, осылай сан ғасырлық күйшілік өнеріміз дами келе түрлі аймақтарда төпке, шертпе дәстүріндегі домбырашылық мектептерді қалыптастырды. Бірақ бұл шартты түрдегі атау ғана. Ал егер тереңірек үңіліп қарағанда, сол текпенің өзі Боғда, Құрманғазы, Абыл Мәмен, Дәулеткерей, Дина, Қазанғал, Маңғыстау сарындарында, шертпелік Тәттібет, Тоқа, Әшімтай, Сүгір шығармашылықтарында бір-бірінен құрылымдық, палитралық бояуы, әуездік үндестігі, орындау мәнері жағынан алуан түрлі ағымдар болып тармақталып кете барады. Бұл дегеніміз күй жанрының аса бай, адамзат өркениетіндегі тұтастай жақтан синкреттік сипаттағы дара құбылыс екендігінен хабар береді.

Әнгімімізді әрден бастағандағы айтпағымыз, осы күйлерімізді бүгінгі дәуірімізге жеткізуші музыкалық аспабымыз домбыраны халқымызға жете тануы және жаһандық ауқымда насихаттаудың тетіктері туралы ой бөлісу, нақтырақ айтқанда, тиісті орындарға ұсыныс беру еді.

Әрине, ежелгі өуен-саздарымыз домбырадан басқа да қобыз, сыбызғы, жетігең, сазсырнай, шертпе, шаңқобыз сияқты аспаптар арқылы жетіп отырғаны белгілі. Бірақ осылардың ішіндегі тыңдаушыға етене жақыны, ел ішіне кеңінен таралып, әрбір қазақтың сырласына айналған киелі жәдігеріміз – домбыра.

Ұлтымыздың жүріп өткен жолындағы бүкіл тыныс-тіршілігі, қайғы-қасіреті, мұң-шері, аңсар-арманы мен қуанышы осы қара домбыраның шаңағында қатталған. Алла берген сыйының құдіреттілігі сонда болар, тілмен айта алмаған жағдаяттарды күймен жеткізетін үрдістің болғанын тарих қатпарларынан көздерімізге келтіреді.

Міне, бабаларымыздың үніндегі болып бағзы замандардан үздігіп жеткен осы күйлеріміздің бүгінгі жай-күйі, жөнді-жөнсіз эстрадаға салынып, өзінің мөлдір қалпынан айырыла бастауы алаңдатпай қоймайды. Мұнымен қоса сым ішектер тағылған электронды домбыралардың ащы шаңқылы қоңыр үнді дыбысқа құлағы үйренген қоңырқай тіршілігі, қоңырқай ғана мінезді, қатқылдықты қаламайтын қазақтымыздың санасына қабысып тітіркендіретіні де рас.

Ендеше осындай алмағайып кезеңде киелі домбыраның табиғи болмысын жан-жақтан анталаған афро-америкалық, «тобырлық» мәдениеттің экспансиясынан сақтап қалу бүгінгіңің ділгер мәселесінің бірі болса керек. Өйткені бұл – алпыс екі тамырды идіретін қазақтың тұма бұлақтай музыкалық тілін ғана емес, сондай-ақ ділін қиратушы үрдіс. Сондықтан домбыраны, домбыра арқылы күйлерімізді тәултума түрінде сақтау – елдігімізге сын.

Осыған байланысты нақты мынандай ұсыныс айтқан болар едік. Жеке музыкалық аспап ретінде домбыраны өлемге таныту және күйлерімізді музыкалық терминологияда жанр ретінде орнықтырып, жаһандық руханияттағы салмағын айшықтау мақсатында Қазақтың мемлекеттік ұлттық домбырашылар ансамблі құрылса. Бұл орайда жан-жағымыздағы жұрттардың төл жәдігерлерін ұлықтаудағы жасап жатқан тіріліктерін айта кетсек артық етпес. Айталық, Ресейде балалайкашылар мен баяншылардың, Өзбекстанда рубашылардың, Беларусьте цимбалшылардың, Түркіменстанда дутаршылардың ансамбльдері жұмыс істейді. Бұлар айналып келгенде ұлттың мәртебесін көтеру үшін істелініп жатқан шаруалар екеніне дау жоқ.

Осы жерде «бізде онсызда Құрманғазы атындағы «Отырар сазы» сияқты атақты оркестрлер барлық облыстарда халық аспаптары оркестрлері, ансамбльдері бар емес пе?» деген сауал туындауы мүмкін. Иә, мұндай ұжымдардың бар екені рас және олардың мәдениетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқанына ешкімнің таласы жоқ. Бұл ұжымдарда домбыра басқа да аспаптармен үйлесімді үндесе отырып, бірлікте нақты бір шығарманы орындауда пайдаланады. Әрине, мұндай құрамдағы домбыра талай тың дарманның жүрегінен орын алды.

Дей тұрғанмен, біртекті домбырадан тұратын көпдәуісті мемлекеттік мәртебеге ие ансамбль құрылса, нұр үстіне нұр емес пе? Себебі домбыра – күй аспабы. Егер күйлеріміз өңделіп, кең тыныспен бірнеше партияда орындалар еді, ұлттық реңкке боялып, тұтастай бір көркем полотноға айналар еді. Мұндай өнер ұжымының құрылуы домбыраның әлемдік қауымдастықта ұлттық бренд болып танылуына жол ашары анық.

Жалпы алғанда, қазіргі таңда домбыра музыкалық аспап ретінде акустикалық, техникалық мүмкіндігі жағынан кемелденіп, репертуарлық ауқымы да кеңі түсті. Сондай-ақ кейінгі толқын жастардың домбыраны меңгеру деңгейі ғаламат биікке көтеріліп кетті. Міне, осындай өлшемдер мен жоғарыда дәйек етілген жайлар біз ұсынып отырғандай өнер ордасын құруға толықтай негіз бола алады.

Ал енді болашақта өнер ұжымын ұйымдастыру керек деп табылған жағдайда ең үздік домбырашыларды іріктеу үшін конкурс жариялау болашақ ұжым жетекшісіне халық музыкасын өте терең білетін шығармашылық қиялы жүйрік, күйлерді өңдеп түсіруде асқан шебер, тәжірибесі мол әрі кәсіби домбырашыны конкурстық негізде іріктеу музыкалдардың толыққанды шығармашылықпен жұмыс істеуі үшін олардың әлеуметтік мәселелерін шешу сияқты мәселелер қалыптаса алатын деңгейі.

Ата-бабамыздан келе жатқан рухани-мәдени желіге сызат түсіп, музыкалық тіліміз шұбарлана бастаған мынандай жаһандану заманында осындай тақылеттес өнер ордасының шаңырақ көтеруі ұлттық рухын көтерудегі нақты бір қадам болар еді. Өйткені Қадыр ақын айтқандай, нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра.

Өтеген ГҮБАЙДУЛЛИН,
ардагер-ұстаз, профессор,
домбырашы-дирижер

Сақтансаң, сақтайды Дала өртінен абай болайық!

Орман өрті – абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағайдан да пайда болатын апат. Ол көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды.



Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел дауылда сығыш келеді. Орманда зиянды жәндіктердің, ағаш ауруларының таралуына қолайлы жағдай туады.

Орман өрттері үлкен жылдамдықпен тарайды және жердің орасан аумағына зиянын тигізуі мүмкін. Ол кез келген жерде тұтанады. Табиғатты қорғауда орман шаруашылығы мекемесі қызметінің маңызы зор. Әрбір қорықшы өзіне бекітілген учаскесінде бақылауды күшейткен жағдайда өрттің шығуы да аз болар еді.

Тілсіз жаудың шығу себептері шаруашылық басшыларының, жеке азаматтардың көктем айларында егіске, бау-бақша егуге даярлық кезінде өртеке қарсы ережелерді сақтамауынан болады. Атап айтатын болсақ, егін егетін жерлерді, су арналарын арам шөптерден тазарту үшін өртейді, отты сөндірмей бақылаусыз қалдырып кетеді. Соның салдарынан олар желдің өсерімен жан-жаққа жайылып, табиғатқа қызуар шығын өкеледі. Осындай жағдайларды болдырмау үшін шаруашылық басшылары дала жұмысына бөлінген адамдардың өртеке қарсы ережелерді қатаң сақтауын талап етуді тиіс.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі



Қоғам дерті бәрінен қауіпті

Жемқорлық жайлаған ортада даму да, ілгерілеу де болмайды, керісінше мүлде тұралап, іс шатқаяқтайды. «Дамыған елдер бүгінгідей жағдайға қалай жетті?» деген сауалдың түінін тарқатсақ, олардың сыйбалас жемқорлықпен күресті күшейткенін аңғару қиын емес.

Қазақстанда төуелсіздік жылдардың басынан сыбайлас жемқорлықпен күреске басымдық берді. Қазірдің өзінде елімізде онымен күрес әлі де жүріп жатыр. Демек ел ішінде оның жағымсыз көріністері әлі де бар деген сөз.

Иә, құзырлы органдар заң аясында онымен күрес жүзеге асырып, бірақ бұл нәрсені түсінуіміз керек. Әр адамда қоғам дертіне қарсы иммунитет қалыптасуы тиіс. Сонда ғана сыбайлас жемқорлық бет өмір сүріп жатқан ортадан өздігінен жойылады.

Дастан БАХТИЯРОВ,
аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары

Сағындық, ана, өзіңді

Қамшының сабындай қысқа өмірде ешкім де мәңгілік емес, отбасының берекесін арттырып, балаларына бағдарлам болған ардақты анамыз Кеңескүл Шідербаеваның ортамызда жүргені кеше ғана сияқты еді. Сол аяулы анамыздың бақиға бет түзгенінен бері де айға жуық уақыт өтті. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қыламыз. Бірақ енді жерде Кеңескүл анамыз жайлы өткен шақпен естеліктер айту жанымызға батады.

Шідербаева Кеңескүл Зәкірқызы 1958 жылы 8 сәуірде дүниеге келген. Аудандық азаматтық жал-актілерін тіркеу бөлімінде 40 жылға жуық қажырлы еңбек етті. Сол салаға саналы құмырын сарп етіп, құрметті зейнет демалысына шықты.

Аулы анамыз отбасында 5 бала тәрбиелеп өсірді. Ол ұл-қыздарына тағылымды тәрбиесімен тек жақсылықты, ізгілікті өсиет етті. Аулы анандан тәлім алған балалары да бүгінде ер салада елдің дамуына еңбек етуде. Сол балаларының қызығын көре шақта дүниеден өтті.

Сіз біздің жадымызда мәңгі сақталасыз ардақты ана, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын. Өзіңізді сағынышпен еске алып, рухыңа құран бағыштаймыз.

Жақсылыққа баулып өткен баласың, Сен біз үшін данасың нәм дарасың. Жұмақ болып мәңгі мекен өзіңе, Жатқан жерің жайлы болсын, ағашым.

2024 жылы 21 шілдеде сағат 11.00-де Жалағаш кенті Болат Алтынбаев көшесі №4 үйде Шідербаева Кеңескүл Зәкірқызының қырықкүндік асы берілетінін барша ағайын-туыс, құда-жекежат, дос-қаранға хабарлаймыз.

Еске алушылар жұбайы, балалары

Талант

Домбырамен тілдескен



Елдің мұңын мұңдаған, жүректің үнін тыңдаған, намысты қайрап шыңдаған, ерлік пен елдікті жырлаған күмбірге толы домбыра үні қашанда қастерлі де қасиетті. Иә, домбыра үнін естесе, елден мейтін қазақ жоқ. Бүгінде қасиетті қара домбыраны дәріптеп, жанына жастайынан серік еткен жастардың қатары артқан. Соның бірі – әнші-сазгер, күйші, ақын, Қазақ авторлар қоғамының мүшесі Руслан Бурабай.

– Мен домбыраны ең алғаш 7 жасымада өкемің Әскербек деген досынан үйрендім. Ол кісі үйге өкемді іздеп келген сайын шамның жарығымен қысқаша жөңіл күйлерді үйретіп бастады. Кейін домбыраға деген қызығушылығым артып, 2006 жылы аудандық «Әуез» мектебінің домбыра сыныбына оқуға түстім. Ұстазым Роза Ералиевадан сабақ алып, көп нәрсе үйрендім. Кейін білімімді жоғары оқу орнында жалғастырдым. Мектеп қабырғасында жүргенде білім берген ұстаздарыма, әсіресе Айтөлең, Зәуре, Тойған апайларыма ризашылығымды білдірдім. Мені көптеген байқауларға дайындап, жеңіске жетеледі. 13 жасымнан бастап өзім ең күй шығарма бастадым. 2015 жылы менің 5,6 күйім жарық көріп, өнер сүйер халыққа жол

тартты, – дейді Руслан Бурабай.

Кейіпкерімізді айтуынша, қазіргі таңда оның шығармашылық қоржымында 20-ға жуық ән, 15-ке тарта күй бар. 2015-2018 жылдары аудандық Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде үйірме жетекшісі қызметін атқарған ол 2019 жылдан бастап «Алтын-арай» халық ән-би ансамблінің жетекші-хормейстері қызметін абыроймен атқарып келеді. Сондай-ақ Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени продюсерлік орталығында көркемдік жетекші.

– 2016 жылы «Атамұра» фольклорлық ансамбль жұмысын жандандыруға ат салысып, «Болашақ бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында аудандық мәдениет үйі жанынан «Жігер»

этникалық тобын құрдым. Қазіргі таңда ол топ түрлі республикалық, халықаралық байқауларға қатысып жүр. Мәселен, 2019 жылы Тараз қаласында өткен «Көне Тараз күмбірі» атты I республикалық этно-фольклорлық ансамбльдер конкурсы өткізіліп, конкурсқа республикаға танымал ансамбльдер қатысып, нәтижесінде «Жігер» этно-фольклорлық ансамблі «Ықылас Дүкенұлының» арнайы жүлдесін иеленді. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Ұлттық өнер – өшпес мұра» атты фольклорлық ансамбльдердің облыстық онлайн байқауында «Жігер» этно-фольклорлық тобы I орынды иеленді. Айта берсек, жетістіктеріміз жетерлік. Әрине, бұның бәрі – ұйымшылдықпен жасаған жүйелі жұмысымыздың жемісі, – дейді кейіпкеріміз.

Руслан – Асқар Тоқмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйі жанынан құрылған «Сырлы саз» халықтық фольклорлық этно тобының да көркемдік жетекшісі. Ол топқа қабылданатын өнерпаздарға бір талап қоятынын жеткізді. Айтуынша, ансамбльге қабылданатын өнерпаздар бір емес, бірнеше аспапта ойнай білуі керек. Мәселен, Руслан бір ғана аспапта ойнаумен шектелмей, жастайынан барабан, даңғыра, жетігең қобыз, шаңқобыз, сыбызғы, гитара, фортепиано, баян, сынды аспаптарды да еркін меңгерген. Көбіне өзінің жеке шығармаларын орындайтын кейіпкеріміз ансамбльдің шығармашылық қоржымын да өз шығармаларымен толықтырады. Соңғы екі ай кәлемінде ерекше бағытты қолған алған ол сахнаға серпін беретін жаңа тыныс асқан. Айтуынша, фольклорлық эстрадалық этно тобын құрған Яғни эстрадалық өн мен күйді аспаптың сүйемелдеуімен орындайды.

– Бұл топты құрағанымызға әлі көп уақыт болмады. Әйтсе де жөй-мәңдеп халықтың көңілінен шығып жатыр. Бірнеше ауыл ауданда өнер көрсеттік. Быыл күз мезгілінде облыс тңірегінде «Сырлы саз» халықтық фольклорлық этно тобының жеке шығармашылық кешін беруді жоспарлап отырмыз. Кеште жеке шығармашылық күйтабағымыз жарыққа шығады. Ал келер жылы өзімің жеке шығармашылық кешімді өткізсем деген ойым бар, – дейді Руслан Бурабай.

Кейіпкеріміз 2021 жылы Американың Техас штатында өткен «ARTIVITIES seasons» Халықаралық көпжанрлы онлайн конкурс-фестиваліне өзінің «Талас» күйімен қатысып, «Халықтық орындау» жанры бойынша I орынды

жеңіп алған. Ал 2021 жылы Мәскеу қаласында өткен Халықаралық конкурстан аспаптық жанр бойынша I орынды иеленген. Сондай-ақ Биыл Ұлытау облысында өткен «Ұлытау үні» бірінші республикалық «Мульти аспап» конкурсына қатысып, арнайы жүлдемен және қаржылай сыйақымен марапатталған. Мұнан бөлек «Жаңа Қазақстанның 100 жаңа есімі» төсбелгісімен марапатталған.

Табиғатпен сырлас болған бабаларымыз жаратылыстың өсіп-өніп, түрленуін, қимыл-қозғалысын ән мен жырға, өртегі мен аңызға арқау еткен. Мәселен «Ақсақ құлан – Жошы хан», «Бозіңген», «Ақсақ аю», «Жезкіек», «Аңшының зары» сынды ән-күйлер арқылы өзінің сағынышы мен зарын, қуанышы мен жұбанышын, табиғатты, жан-жануарларды бейнелеу арқылы өз көңіл-күйін халыққа жеткізіп отырған. Қазақтың ықылым заманынан бері қолынан тастамай келе жатқан қасиетті музыка аспабы домбыраның «Ұлттық өнер – өшпес мұра» күйі бар. «Ортеке» жай ғана шертпеліні күй емес, ағаштан ойып өрнектелі, текенің бейнесін жасап, оны тұғыр ағашта домбыра шерту арқылы билетеді. Кейіпкеріміз кеше ғана Қарағандыда өткен «Ортеке» республикалық этно фестиваліне қатысып, арнайы дипломмен марапатталды. Аталған байқауға еліміздің түкір-түкірінен және Қытай, Моңғолия елінен 19 өнерпаз қатысты. Фестивальде ортекеге арналған авторлық күй орындаған кейіпкеріміз ортекегін ойнақтатып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленген.

– Бұл байқауға бару-бармауым әуелде белгісіз болды. Бірде «байқау дүйсенбіде өтеді» деген хабар келді. Соныммен ешқандай дайындықсыз, жолға түзектеліп етіп шығып кеттім. Ереже бойынша ортекеге арнап күй шығару керек. Менен басқа өнерпаздардың барлығы өздері ортекегін алдын ала дайындап алып барған. Ал мен сол жерде көрмеде тұрған Ортекені сұрап алып, сахнаға алып шықтық. Алдымен күйдің тақырыбын қойып, оқиға құрастырып, сол оқиға бойынша жаңа күйді сахна үстінде шығарып орындадым. Бұл бірінші рет емес, бұған дейінгі байқауларда да осындай жағдай орын алған, – дейді Руслан.

Кейіпкеріміз алдағы уақытта да атадан балаға мұра болып жалғасқан домбыраны ұлықтап, сахна төрінде күйінің күмбір үнін шарықтата бермек.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Мәселе

Несие алуға неге құмармыз?

Қазақстандықтардың банктер алдындағы берешегі 18 трлн теңгеге жеткен. Оның ішінде жалпы құны 716 млрд теңгені құрайтын несиені борышкерлер жаба алмай жүр. Енді несиелерді 90 күнге кешіктіргендерге кредит берілмейді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «кредит беруде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушының құқықтарын қорғау туралы» заңға қол қойды. Енді қаржылық ұйымдар азаматтардың қарызын коллекторларға өткізе алмайды. Ал банк пен тұтынушы арасындағы дауды омбудсмендер реттейді.

2 млн-ға жуық адам банктерге қарыз

Ұлттық Банктің мәліметінше, биыл 5 айда еліміздің банк секторында 21 екінші деңгейдегі банк тіркелген. Оның 11-і шетелдің қатысуымен болса, 8-і – еңшілес. Банк секторының активтері негізінен өтімді активтердің 3 пайызға немесе 598 млрд теңгеге өсуі есебінен мамырда 1,6 пайызға немесе 853 млрд теңгеге ұлғайып (2024 жылдың басынан бері 3,5 пайызға, 1,8 трлн теңгеге өсу), 53,3 трлн теңгені құраған.

Қазіргі таңда Қазақстанда 2 млн-ға жуық адамның банк алдында берешегі бар. Президент қол қойған арнайы заңда қаржы ұйымдары 2026 жылдың мамыр айынан бастап банк алдындағы берешегі 24 айдан асқан қарыздарды ғана коллекторларға бере алатыны көрсетілген.

«Екінші деңгейдегі банктердің өтімділігі жоғары активтері 15,8 трлн теңгені немесе активтердің 29,6 пайызын құрады. Бұл банктерге міндет-темелеріне толық көлемде қызмет көрсетуі мүмкіндік береді. 2024 жылдың мамырында екінші деңгейдегі банктер экономикаға берген несиелер 1,4 пайызға, яғни 29,5 трлн теңгеге дейін (2024 жылдың басынан бері 5,6 пайызға өсу), оның ішінде ұлттық валютада 1,4 пайызға, яғни 27,2 трлн теңгеге дейін, шетел валютасында 1,8 пайызға немесе 2,4 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Нәтижесінде теңгедегі несиелердің үлес салмағы биыл 1 маусымдағы жағдай бойынша 92 пайызды құрады» деп көрсетілген.

Ұлттық Банктің хабарламасында, Бүгінде микроқаржы омбудсмені институты құрылып, банк омбудсмендерінің құзіреті кеңейтілген. Енді олар банк пен халық арасындағы дауды сотқа жеткізбей шешуді өз құзіретіне алады. Жеке тұлға үкілдің шешімімен келіссе, қаржы ұйымдары оны жүзеге асыруы тиіс.

Жаңа заңнамада несиелер беру талаптары барынша қатаңдатылған. Бұдан былай банктер мен микроқаржылық ұйымдар кредитті бұрынғыдай бере бермейді. Талапқа сәйкес енді несиелер алатын адамның табысы толық тексеріліп отырады. Сондай-ақ ол жалақысының 50 пайызын ғана кредит төлеуге жұмсауы керек.

Биыл елімізде халыққа берілген несиелер 1,3 пайызға ұлғайып, 18 трлн теңгені құрады. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырсақ, бұл көрсеткіш 7,8 пайызға өскен. Мамандар елдің банк алдындағы қарызының өсуін тұтынушылық қарыздардың 1,7 пайызға, яғни 11,3 трлн теңгеге дейін ұлғаюына, сондай-ақ ипотекалық кредиттеудің 0,5 пайызға немесе 5,5 трлн теңгеге дейін жоғарылауымен байланыстырады.

1 трлн теңгені төлем уақыты 90 күннен асқан

Жаздың алғашқы айындағы жағдай бойынша борышкерлердің жалпы құны



1 трлн теңгені құрайтын қарызының төлем уақыты 90 күннен асып кеткен. Бұл жалпы отандастарымыздың банк алдындағы берешегінің 3,2 пайызын құрап отыр. Жыл басында бұл көрсеткіш 2,9 пайыз, яғни 864 млрд теңге болатын.

Иә, енді банк алдындағы берешегін 90 күнге дейін төлемегендерге несиелер берілмейді. Бірақ бұл шектеудің қарызды қайта қаржыландыруға қатысы жоқ. Сонымен қатар азаматтардың банкроттыққа өтініш беру тәртібі де жеңілдеді. Енді өдеттегідей қиырау құжат жинаудың қажеті жоқ, тек өтініш білдірсе болғаны. Құжаттар электронды түрде тексеріледі. Бұл заң 2 айдан кейін күшіне енеді.

11,7 мыңнан астам адам банкрот деп танылған

Осыған дейін елімізде соттан тыс банкроттық рәсімін қолдануға 97 мың өтініш қабылданған. Оның 80 мыңынан бас тартылған, 11,7 мыңнан астам азамат банкрот деп танылған. 25 млрд теңгеден астам қаражат есептен шығарылды. Алматы, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда облыстары мен Алматы қаласы тұрғындарынан банкроттыққа ең көп өтініш түскен.

Қаржы министрі Мәди Тәжиев халық арасында банкроттық бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізу маңызды деп есептейді. Егер адам банкрот деп танылса, бірқатар шектеу шаралары бар. Мәселен шетелге шығу, қосымша несиелер алу мүмкіндігінен айырылады. Қазіргі таңда аталған министрлік заңнамалық деңгейде бірқатар құжаттарды алып тастады. Министр бұл жеке тұлғаларға өтінішті берген кезде қолайлы жағдай жасау мақсатында жасалғанын айтады.

Бизнеске берілген несиелер 1,5 пайызға артқан

Елімізде бизнес субъектілеріне берілетін кредиттер де 1,5 пайызға артып, 11,5 трлн теңгеге өскен. Жалпы жыл басынан бері 2,5 пайызға артқан. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға берілетін несиелер 0,9 пайызға, яғни 9,7 трлн теңгеге дейін өскен. Оның ішінде шағын және орта бизнес

субъектілеріне қарыздар 0,1 пайызға немесе 5,6 трлн теңгеге дейін, ірі бизнеске қарыздар 1,9 пайызға, яғни 4,1 трлн теңгеге дейін ұлғайған. Ал дара кәсіпкерлерге берілетін несиелер 1 айда 5,3 пайызға, яғни 1,9 трлн теңгеге ұлғайған.

Биыл мамырда бизнес субъектілеріне 1,4 трлн теңге көлемінде жаңа қарыздар берілген. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 10,6 пайызға артық. Жалпы жыл басынан бері 6,8 трлн теңгеге берілген. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 21,8 пайызға артық.

Иә, тиісті заңға халықтың борыштық жүктемесінің өсуіне жол бермеуге қатысты бірқатар ережелер енгізілген. Әскери қызметшілер мерзімді өскери қызметін өткеру кезінде және демобилизациядан кейін 60 күн ішінде алған қарызына сыйақы есептеуден босатылады.

2026 жылғы 1 мамырға дейін банктер мен микроқаржы ұйымдарына азаматтардың қарызын коллекторлық агенттіктерге беруге тыйым салынды. 2026 жылы мамырдан бастап коллекторлық агенттіктерге жеке тұлғалардың құқықтарын (талаптарды) беру шарттары қатаңдатылады. Дәл осы күннен бастап тек берешек туындаған сәттен 24 ай өткен және берешекті реттеу жөніндегі рәсімдер міндетті түрде жүргізілген жағдайда ғана қарыз алушы жеке тұлғаларға қатысты құқықтарды (талаптарды) коллекторларға беруге құқылы.

Банк омбудсманының барлық банктік қарыз шарттары бойынша дауларды қарау құзыреті кеңейтілді (бұған дейін ол тек ипотекалық шарттарға қатысты дауларды қарайтын) және микроқаржы омбудсман институты енгізілді. Жеке тұлғалар омбудсманардың шешімімен келіскен жағдайда, мұндай шешімдерді қаржы ұйымдары орындауға міндетті.

Омбудсманлар халықтың әлеуметтік-салт топтарына жататын борышкер жеке тұлғалардың өтініштерін қараған кезде келіге алынған жылжымайтын мүлікте өндіріп алуға тыйым салынады. Сондай-ақ осы санатқа жататын азаматтар бұған дейін міндеттемені орындамағанына байланысты банк баланына өтіп кеткен жалдамалы баспанасын сатып алуға құқылы. Кәсіпкерлікке қатысты заңнамаларда да өзгерістер болмағанына қарамастан, балалары бар

отбасыларды және 1 немесе 2 топтағы мүгедекті бар адамдарды жылыту маусымында жалғыз баспанасынан мәжбүрленуіне тыйым салынады.

Өндіріп алуға жатпайтын және берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қабылдаған кезде қарыз алушының банктік шотында қалуға тиіс ақша сомасы ең төменгі күнкөріс деңгейінің (43 407 теңге) екі еселенген мөлшеріне (86 814 теңге) дейін ұлғайтылды. 20 АЕК-ке (73 840 теңге) дейінгі өкімшілік айыппұлдарды және салық берешегін өндіріп алу кезінде оңайлатылған іс жүргізу тәртібі енгізілді. Істі әділет органдары автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жүргізеді. Бұл азаматтарды жеке сот орындаушыларының қызметтеріне ақы төлеу міндеттемесінен босатады. Мұндай механизммен келіспеген жағдайда атқарушылық іс жүргізу жалпыға бірдей бекітілген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Алаяқтық әрекеттерге жол бермеу үшін онлайн қарыздар бойынша міндетті түрде биометриялық сәйкестендіру енгізілді. Бұған дейін кредиттік бюрода азаматтардың несиелерін алуан ерікті түрде бас тартқаны туралы мәлімет болған жағдайда қарыз беруге тыйым салынған еді. Осы заңда аталған тыйымды бұза отырып берілген қарыздар бойынша берешекті қаржы институттары кешіру талабы енгізілді. Сондай-ақ қабылданған заңға сәйкес аталған тыйым лоббардтар берген микрокредиттерге таралмайды.

Алаяқтардың ықпалымен рәсімделген дәлелдейтін сот актілері бар берешектер заң қолданысқа енгізілген күннен бастап кешіріледі. Сонымен қатар заң арнайы электронды сауда алаңын құру арқылы банктер мен микроқаржы ұйымдарының активтерін сату механизмдерін жетілдіреді.

Иә, қазір несиелер қамтытып кімеген қазақ кәсіпкерлеріне. Оның ретсіз алынғаны да, мақсатын алынғаны да жоқ емес. Негізінен несиелер турмыстық сапаны арттыруға бағытталма, бірқұнды той-томалақ, қызық үшін жолайтын дүние емес, осы жағын саралаған жөн.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Бәрекелді!



Жастар – жарқын істердің бастауы

Белсенді жастардың жұмысын насихаттап, қолдау көрсету мақсатында аудандық жастар ресурстық орталығы жүйелі жұмыс жасауда. Жастардың шығармашылығын дамытып, жаңашыл жобалардың бітуіне орталықтың берер бағыты мен мүмкіндігі мол. Жалынды жастардың жанынан табыла білетін мекеме аудан жастарының ғана емес, ауыл жастарының да дамуына өз үлесін қосуда.

– Біздің басты мақсатымыз – жастардың бос уақытын тиімді пайдаланып, оларға мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау. Спортқа, шығармашылыққа баулу, патриоттық рухын арттыру, одан бөлек мемлекеттік бағдарлама аясында жұмыспен қамту, баспаналы болуға дұрыс бағыт-бағдар беру. Жастарды дамыту мен қолдауға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 4 жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 10 692, млн теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде шығармашылық жастармен жұмыс, ардагерлермен кездесу, спорттық сайыс, барлығы қамтылған. Ал НЕЕТ санатындағы жұмыссыз жастармен 2018 жылдан бері тікелей жұмыс жасау – біздің алға қойған ең бірінші міндеттеріміздің бірі, – дейді жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Амандық.

Иә, Президент тапсырмаларында да, Жолдауларында да осы НЕЕТ санатындағы жастар мәселесі қамтылып келеді. Аталған орталық «Мүмкіндіктер алаңы» жобасы аясында биыл аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, «Отбасы банк», АҚ «Мансап» орталығы, «Отбасын қолдау» орталығының мамандарымен бірлесіп, елді мекендегі жастарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, мемлекеттік бағдарламалар бойынша кең көлемде мағлұмат берді. Сондай-ақ ауыл жастары арасында аймақтық спорттық шара өтті.

Өздеріңіз білетіндей, жұмыссыздық – жастар арасындағы ең өзекті мәселенің бірі. Қазіргі таңда ауданда жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,2 пайызды құрап отыр. Жыл басынан бері «Мансап» орталығына 1 779 адам жұмыс іздеп барса, оның 578-і – жастар. Ал субсидияланатын жұмыс орындарына және тұрақты жұмыс орнына 258 жас жолданған. Сонымен қатар жыл сайын «Жасыл ел» жасағына кадр жинақталады. Бұл бағдарлама аясында жастар уақытша болса да жұмыс жасайды. Биыл «Жасыл ел» еңбек жасағына 130 жасты жұмысқа тарту жоспарланған.

Аудан бойынша жастарды кәсіпкерлікке тарту да бір жолға қойылған. Бүгінде аудан бойынша тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2849 бірлікті, 1403 дара кәсіпкер, 227 заңды тұлға, 1219 шаруа және фермер қожалықтары немесе 42 пайызын 18-35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлер құрап отыр. Сондай-ақ «Аграрлы несиелі компаниясы» АҚ 21-35 жасқа дейін жастардың кәсіп бастауына немесе дамуына 2,5 пайызбен жеңілдетілген несиелер беру жоспарлануда.

Сондай-ақ аталған орталықтың ұйымдастыруымен жыл басынан бері әртүрлі форматта 110 шаруа өткен. Мунан бөлек білім және полиция бөлімдерімен «Темірқазық» қоғамдық бірлестігінің төрағасымен бірлесіп отырып жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ауданның ойын-сауық орталықтарында түнгі рейд жұмыстарын жүргізуде. Нұржан Раисұлының айтуынша, аталған орталықтың назарынан жалғызбақты аналар мен көпбалалы аналар да тыс қалмайды. Олар аудандағы ерікті жастармен бірлесіп атаулы мерекелерде аналар мен балаларды қуанту бағытында түрлі шаралар өткізіп, кішігірім сыйлықтар табыстаған. Волонтерлік қызмет көрсету бойынша «Jalynby jas» еріктілер мектебінің жұмысы жыл санап өз маңыздылығын көрсетуде. Бүгінде дейін еріктілер «Азаматтық бастамаларды қолдау» орталығының бастамашыл топтарды және еріктілерді қолдауға арналған шағын гранттарын жеңіп алу арқылы 3 Coworking орталығы 3 спорттық үйірме, 2 көшеге қоқыс жәшіктерін, ерекше балаларды қолдау бағытында 2 мекемеге материалдық демеушілік, ауылды көркейту үшін 2 ауылға жаңа жоба табыстаған. Былтыр 2 млн 300 мың теңгеге 3 жоба, биыл 1 млн теңгеге 1 жоба қаржыландырылған. Осы бағыттағы гранттарға жастарды қатыстыру жұмыстары өлі де жүргізіліп келеді.

Мунан бөлек орталықтың ұйымдастыруымен жайдарман ойындарының аудандық лигасы дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Тасбөгет кенті өкімінің кубогына арналған ойында аудан атынан қатысқан «Дәуімбай» құрамасы жеңімпаз атанған. Сонымен қатар облыстық «Bastau Liga» ойынында «Дәуімбай» құрамасы III орынды иеленген. Жуырда Қонысбек Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде Жалағаш ауданы өкімінің жүлдесіне арналған республикалық жайдарман сайысы өткен болатын. Республикалық жайдарман ойынында еліміздің түкпір-түкпірінен келген 13 команда бақ сынаған.

Аудан жастарының бірлігі, туған жерді өркендету, дамуы бағытында жаңа жобалар жасау – жастар орталығының басты міндеті. Осы тұста ауданның белсенді жастары жастар ресурстық орталығымен Шымкент қаласындағы «Біркөлік» демалыс орнында басқоты. Мұндағы мақсат – жастарды сергіту, еріктілер арасында еркін форматтағы шараларды кеңінен ұйымдастыру. Табиғат аясында жастар бір-бірімен еркін пікір алмасып, спорттық сайыстар бойынша сынға түсті. Басқосуда бірі кәсіпкерлік туралы бағыт берсе, енді бірі қазіргі заманда қосымша табыс табу үшін тегі ретінде мобилграфия курсы үйретті. – Демалыс орнына әр салада қажырлы еңбек етіп жүрген белсенді жастар жиналды. Бүгінде олар өзінің жүйелі жұмысымен, қарқынды қимылдарымен ауданымыздың дамуына өз септігін тигізіп жүр. Білімнің биігін бағындырып, спортта да, мәдени іс-шараларда да аудан абыройын асқаттып жүргендердің басым бөлігі – осы жастар, – дейді аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Амандық.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қаржы пирамидасын басқарған азамат ұсталды

Бас прокуратура және Ішкі істер министрлігінің Интерпол қызметкерлері Қазақстан Республикасы Армениядағы елшілігінің көмегімен қаржы пирамидасын басқарған азаматты қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін елге экстрадициялаған.

Күдікті 2019-2021 жылдар аралығында Қостанай облысындағы «Fipko» қаржы пирамидасының құрылымдық бөлімшесін басқарған. Сол кезеңде 167 млн теңгеден астам сомаға қырыққа жуық жәбірленуші алданған. Қылмыстық топқа қатысушылардың бір бөлігі бұрын жазаның

бірнеше түрімен сотталған. Ал осы жолы қолға түскен күдікті қылмыс жасалғаннан кейін Арменияда жасырынған. Қазіргі уақытта Ақтау қаласының тергеу изоляторына қамауға алынған. Айыпталушыға қылмысты жасағаны үшін 7 жылға дейінгі мерзімге белгілі бір қызметпен

айналысу құқығынан айырыла отырып, мүлкі тәркіленіп, 5 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген.

«ЖЖ» ақпарат

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында беріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспанасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Таралымы 2850 Тапсырыс № 1070